

Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін анықтау туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 27 маусымдағы N 652 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 25 шілдеде N 3416 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 05 қаңтардағы N 1 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы әкімдігінің 05.01.2016 № 1 қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 238-бабының 3-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 2-тармағына сәйкес, Ұлан ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі № 1 қосымшаға сәйкес анықталсын.

2. Ұлан ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 13 ақпандағы № 509 "Ауылдық (селолық) жердегі жұмысы үшін лауазымдық айлық ақыларын көтеру белгіленген әлеуметтік қамтамасыз ету, білім, мәдениет мамандары лауазымдарының тізбесін анықтау туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2008 жылғы 22 мамырда № 5-17-84 тіркелген, "Ұлан таңы" газетінде 2008 жылғы 7 маусымдағы № 25 санында жарияланған), 2010 жылғы 1 наурыздағы № 635 "2008 жылғы 13 ақпандағы № 509 "Ауылдық (селолық) жердегі жұмысы үшін лауазымдық айлық ақыларын көтеру белгіленген әлеуметтік қамтамасыз ету, білім, мәдениет мамандары лауазымдарының тізбесін анықтау туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2010 жылғы 18 наурызда № 5-17-125 тіркелген, "Ұлан таңы" 2010 жылғы 16 сәуірдегі № 26 санында жарияланған), 2013 жылғы 4 қыркүйектегі № 59 "Ауылдық (селолық) жердегі жұмысы үшін

лауазымдық айлық ақыларын көтеру белгіленген білім, мәдениет, спорт, әлеуметтік қамтамасыз ету мамандары лауазымдарының тізбесін анықтау туралы ", 2013 жылғы 24 желтоқсандағы № 187 "Ауылдық (селолық) жердегі жұмысы үшін лауазымдық айлық ақыларын көтеру белгіленген білім, мәдениет, спорт, әлеуметтік қамтамасыз ету мамандары лауазымдарының тізбесін анықтау туралы ", 2014 жылғы 26 наурыздағы № 451 "Ауылдық жердегі жұмысы үшін лауазымдық айлық ақыларын көтеру белгіленген білім, мәдениет, спорт, әлеуметтік қамтамасыз ету және ветеринария мамандары лауазымдарының тізбесін анықтау туралы" қаулыларының күші жойылсын.

3. Осы қаулы ресми жарияланған күннен 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Д. Қажановқа жүктелсін.

Ұлан ауданының әкімі

А. Садықов

Келісілді:

Ұлан аудандық

мәслихатының хатшысы

Н. Сейсембина

" 27 " 06 2014 жыл

Ұ л а н	а у д а н ы	ә к і м д і г і н і ң
2 0 1 4	ж ы л ғ ы	" 2 7 " м а у с ы м
№ 652 қаулысына № 1 қосымша		

Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі

1. Әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы мамандардың лауазымдары:
 - 1) Үйде көрсетілетін әлеуметтік көмек бөлімше меңгерушісі;
 - 2) Әлеуметтік жұмыс жөніндегі консультант;
 - 3) Күтім жөніндегі әлеуметтік қызметкер;
 - 4) Әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман.
2. Білім беру саласындағы мамандардың лауазымдары:
 - 1) Коммуналдық мемлекеттік мекеме және қазыналық кәсіпорын басшысы;
 - 2) Коммуналдық мемлекеттік мекеме және қазыналық кәсіпорын басшысының орынбасары;
 - 3) Мектепке дейінгі мемлекеттік мекеменің және қазыналық кәсіпорынның басшысы;
 - 4) Барлық мамандықтағы мұғалімдер, медициналық бике, тәрбиеші, тәрбиеші, тәлімгер, мастер, музыкалық жетекші, психолог;
 - 5) Зертхана басшысы;

6) Әдістемелік кабинеттің әдістемешісі;
7) Басшының әкімшілік-шаруашылық қызмет көрсету мәселелері жөніндегі орынбасары;

- 8) Интернат меңгерушісі;
- 9) Кітапхана меңгерушісі;
- 10) Мұражай меңгерушісі;
- 11) Үйде көрсетілетін әлеуметтік көмек бөлімше меңгерушісі;
- 12) Спорт құрылысының меңгерушісі;
- 13) Кітапханашы;
- 14) Әдістемеші;
- 15) Үйірме жетекшісі;
- 16) Аудармашы;
- 17) Жаттықтырушы;
- 18) Хореограф;
- 19) Нұсқаушы.

3. Мәдениет саласындағы мамандардың лауазымдары:

- 1) Мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысы;
- 2) Мемлекеттік қазыналық кәсіпорын басшысының орынбасары;
- 3) Коммуналдық мемлекеттік мекеменің басшысы;
- 4) Кітапхана меңгерушісі;
- 5) Клуб меңгерушісі;
- 6) Әдістемеші;
- 7) Мәдени ұйымдастырушы;
- 8) Әртіс;
- 9) Көркемдік жетекші;
- 10) Режиссер;
- 11) Аккомпаниатор;
- 12) Хореограф;
- 13) Музыкалық жетекші;
- 14) Музыкалық пульттың операторы;
- 15) Солист;
- 16) Қоюшы режиссер;
- 17) Суретші;
- 18) Сақтаушы;
- 19) Кітапханашы;
- 20) Концертмейстер;
- 21) Мұғалім.

4. Спорт саласындағы мамандардың лауазымдары:

- 1) Коммуналдық мемлекеттік мекеменің директоры;

2) Әдіскерлер.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК